

Ақшаны қайтару тәртібі.

Сатып алушы Жеткізушінің есеп айырысу шотына Сатып алушыға берілген алдын ала төлем шотында көрсетілгеннен артық ақшалай қаражатты аударған жағдайда, сондай-ақ егер Жеткізуші Сатып алушыдан алынған алдын ала төлем сомасынан аз сомаға тауарды іс жүзінде жөнелткен жағдайда, Жеткізуші Сатып алушы мынадай талаптарды сақтаған жағдайда, көрсетілген ақшалай қаражатты Сатып алушыға қайтаруға құқылы:

1. Екі тараптың өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қоюы. Салыстырып тексеру актісіне Сатып алушының бірінші басшысы не ол уәкілеттік берген тұлға қол қоюға тиіс, оның өкілеттіктері тиісті сенімхатпен расталуға және Сатып алушының мөрімен куәландырылуға тиіс (Сатып алушының мөрімен куәландырылған оның көшірмесі Жеткізушіге берілуге тиіс);
2. Сатып алушының өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне сілтеме жасай отырып, ақша қаражатын аудару үшін Сатып алушының банктік деректемелерін (СТН, БСН, IBAN, банктің атауы, БСК) көрсете отырып, ақшаны қайтару жөнінде хат ұсынуы. Хатқа Сатып алушының бірінші басшысы не ол уәкілеттік берген тұлға қол қоюға тиіс, оның өкілеттіктері тиісті сенімхатпен расталуға және Сатып алушының мөрімен куәландырылуға тиіс (Сатып алушының мөрімен куәландырылған оның көшірмесі Жеткізушіге берілуге тиіс). Жеткізуші әрбір нақты жағдайда Сатып алушыдан өзге құжаттарды ұсынуды талап етуге құқылы.